

Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін тауарларға қосымша құнға салық пен акциздерді қолданудың тәртібі туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті 1995 жылғы 29 қыркүйектегі N 131-П. Күші жойылды - ҚР Салық комитетінің 1998 жылғы 27 тамыздағы N 82 және Қаржы министрлігі жанындағы Кеден комитетінің 1998 жылғы 1 қыркүйектегі N 153-П бірлескен бұйрығымен. ~ V980629

Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ "Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" және 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Z952368_ "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлықтарына сәйкес бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясымен бірге "Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінетін тауарларға қатысты қосымша құнға салық пен акциздерді қолданудың тәртібі туралы" нұсқау бекітілсін.

2. Кеден комитетінің баспасөз қызметі (Ә.О.Мұратбаева) осы бұйрықтың

ережелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті Төрағасының орынбасары Р.К. Куватовқа жүктелсін.

Төраға

Бекітемін	Бекітемін
Бас салық инспекциясының бастығы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары	Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларға қатысты қосымша құн мен акциздерге (жанама салыққа) салық салуды қолданудың тәртібі

туралы нұсқау

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Нұсқау Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер төлеу туралы" 24.04.95 ж. N 2235 Z952235_ , "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 20.07.95 ж. заң күші бар Жарлығы негізінде жасалды.

1.2. Қосымша құн салығы осы Нұсқауда, Қазақстанның заң актілерінде көрсетілген, Z952235_ "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер төлеу туралы" Жарлықтың ережелеріне қайшы келмейтін, Қазақстанның кеден аумағына ТМД мемлекеттері шегінен әкелінетін тауарларға, сондай-ақ шығарылған елі ТМД-ға қатысушы мемлекет болып табылатын тауарларға қосымша құн салығы белгіленген тәртіп бойынша салынады.

1.3. Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттар ережелерінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, осы Нұсқаудың 1.4. тармағында белгіленген тізім бойынша Қазақстан Республикасының кеден аумағына сырттан әкелінетін, акцизге жататын тауарларға, сондай-ақ оның шығарылған елі, тауардың акцизге жататын мемлекеті ТМД болмаса, акциз салығы салынады.

Шығарылған мемлекеті ТМД-ға мүше мемлекеттерден Қазақстан

Республикасының кеден аумағына ТМД әкелінетін тауарларға акциз белгіленген тәртіп бойынша салынады.

1.4. Акциз ставкалары тауарларға салынатын кеден салығының процентімен, яки тауардың әр өлшеміне ЭКЮ-мен, яки аталған екі салық түрін үйлестіру арқылы ставкалар қосып белгіленеді.

Қазақстан Республикасына сырттан әкелінетін акцизге жататын тауарлар тізімі:

- 1) ішімдік этиль спитрі және тамақ шикізатынан тазартылып жасалған этиль спирті;
- 2) арақ;
- 3) ликер-арақ бұйымдары;
- 4) күшейтілген ішімдіктер, күшейтілген шырын және бальзам;
- 5) шарап;
- 6) коньяк;

- 7) шампан шарабы;
- 8) сыра;
- 9) шарап материалдары;
- 10) темекі бұйымдары;
- 11) темекісі бар басқа бұйымдар;
- 12) бекіре және арқан балық, бекіре және арқан ұрығы, бекіре және арқан балықтан және ұрықтан дайындалған таңсық тамақтар;
- 13) алтын, платина немесе күмістен жасалған зергерлік бұйымдар;
- 14) өңделген және өңделмеген мех терілер (көртышқан, қоян, ит, бұғы, қой терілерінен басқа);
- 15) табиғи мех бұйымдары, пальто, шолақ пальто, кеудемше, жамылғы, палантин, боа, бөкебай, бас киім, жаға, тон, тілік пен қоса (көртышқан, қоян, ит, бұғы, қой терілерінен басқа);
- 16) пальто, шолақ пальто, кеудемше, мехтан өңдеп қолданған жамылғылар (көртышқан, қоян, ит, бұғы, қой терілерінен басқа);
- 17) табиғи теріден жасалған киімдер;
- 18) хрусталь бұйымдар, жарық беретін хрусталь аспаптар;
- 19) бензин (авиациялықтан басқа), дизель майы;
- 20) жеңіл автомобиль;
- 21) атылғыш және газ қарулары (мемлекеттік билік органдары мұқтажы үшін алынғаннан басқа);

1.5. Акциз ставкасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді және акцизге жататын, сырттан әкелінетін табиғи түріндегі таза көлемі немесе кеден құнының процентімен белгіленеді.

1.6. ҚҚС мен акциз Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі белгілеген бағамен теңге, шет ел валютасы түрінде де есептеліп төленеді.

Шетел валютасы Қазақстан Республикасының валютасына аударылғанда, олардың бағамы Қазақстан Республикасының кеден декларациясы қабылданған күнгі белгіленген бағамымен есептеп шығарылады.

Салық кеден органының депозит шотына түсіріліп, содан соң осы Нұсқаудың 7.3. тармақтарында белгіленгендей, салық сомасы бюджетке аударылады.

1.7. Кеден органдары келесі есепті айдың 5-не дейін ай сайын салық органына есепті кезеңде ҚҚС мен акцизден есептеліп, түскен салық сомасы туралы хабарлайды.

ҚҚС мен акцизден бюджетке есептеліп, түскен салық сомасы, сондай-ақ мерзімі өткен төлемдер туралы мәліметтерді облыстық және Алматы қалалық

салық инспекциясы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясына келесі есепті айдың 10-нан қалдырмай тапсырылады.

2. Қосымша құн мен акциз салығын төлеушілер

2.1. Сырттан тауар әкелуші барлық заңды тұлғалар мен жеке адамдар төлеушілер болып табылады, ҚҚС мен акцизді кеден ісі жөніндегі нормативті актілер белгілеген декларант яки басқа адам басқа да кеден салығымен бір мезгілде, яғни кедендік толтыруға арналған кедендік жүк декларациясы қабылданғанға немесе қабылданғаннан кейін төлейді.

Салық төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайда, салық төлеу жөніндегі жауапкершілік шарт ұстаушыға жүктеледі.

Төлемдер қайта қаралған, соның ішінде кеден құны өзгеріске ұшыраған жағдайда төлемді өндіру де, сондай-ақ айыппұл мен өсімді өндіріп алу да тауарлы импорттаушы жауапты адамнан өндіріліп алынады.

3. ҚҚС мен акцизден құтқару

3.1. Төменде көрсетілген тауарлар акциз төлеуден құтқарылады:

а) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бекіткен норма бойынша сырттан әкелетін адамдардың тауарлары;

б) жолға шыққан кездегі және аралық аялдамаларда жүк, багаж және жолаушыларды халықаралық тасымалдауды жүзеге асыру, пайдалану үшін көлік құралдарын қажет ететін, сондай-ақ апатын (бұзығын) жою үшін шет елден алынған тауарлар;

в) Қазақстан Республикасының кеден шекарасын өткенге дейін бүлінудің салдарынан және бұйым ретінде пайдалануға жарамай қалған тауарлар;

г) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген, гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін тауарлар;

д) техникалық көмекпен қоса, мемлекет, үкімет, халықаралық ұйым тарапынан қайырымдылық мақсатпен әкелінетін тауарлар;

е) иесіз, сондай-ақ мұрагерлік құқық бойынша мемлекетке өтіп кеткен байлықтар;

ж) шет ел дипломатиясы мен оған теңгерілгендердің ресми пайдалануы, сондай-ақ сол өкілеттіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық адамдары, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерінің жеке пайдалануы үшін әкелінетін тауарлар және Қазақстан Республикасы мүше болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес салықтан құтқарылған тауарлар;

з) "Еркін айналымға шығарылған тауарларды жіберу" тәртібінен басқа (осы

Нұсқаудың 9-бөлімін қараңыз) Қазақстан Республикасының кеден заңы белгілеген, кеден тәртібі шеңберінде салықтан құтқарылған, Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өтетін тауарлар.

ҚҚС мыналарға салынбайды:

- Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен норма бойынша жеке адамдардың акцизге жататын сырттан әкелген тауарлары;

- осы нұсқаудың 3.1. тармағындағы "б-3" тармақшаларында белгіленген (олардың акцизге жататын тауарлар тізіміне кіретіндігіне қарамастан), сырттан әкелінген тауарлар;

- Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен ақысыз тауар әкелу нормасына сәйкес келетін норма бойынша жеке адамдардың сырттан әкелінетін тауарлары.

4. Акциздерді есептеп шығару тәртібі

4.1. Қазақстан Республикасының кеден заңына сәйкес белгіленген кеден құны, нақты түріндегі таза көлем акцизге жататын, сырттан әкелінетін тауарлар салық салудың объектісі болып табылады.

Маркалауға жататын тауарлар бойынша есептелген акциз сомасы әкелінген тауарлардың көлемі бойынша акциз түсімі маркасының құнына қарай кемітіледі.

4.2. Қазақстан Республикасы аумағына акцизге жататын тауарларды

әкелген жағдайда оған акциз ақы кеден құны көрсетілген сондағы валютамен төленеді.

4.3. Тауардың әр өлшеміне ЭКЮ ставкасымен салынатын акциздерге қатысты тауарлар үшін оларды есептеу негізі тауардың нақты түріндегі таза көлемі болып табылады.

4.4. Тауардың әр өлшеміне ЭКЮ ставкасымен салынатын акциздерге қатысты тауарларға акциз есептеп шығару:

$Aс 1 - Bт * A1$ Формуласы бойынша шығарылады, ондағы:

Aс 1 - акциздің мөлшері;

Bт - тауардың саны;

A1 - тауардың әр өлшемдегі ЭКЮ акцизінің ставкасы.

5. Қосымша құнға салық салуды есептеп шығару

5.1. Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін тауарларға салынатын қосымша құн салығы есептеп шығарудың объектісі: өзімен қоса оның көлемі; Қазақстан Республикасының кеден заңына сәйкес белгіленетін тауарлардың кеден құны, сондай-ақ кедендік толтыру, импорттық кеден ақы, тауарды

сырттан әкелгенде төленуге тиісті акциздер үшін алынатын кеден түсімінің сомасы болып табылады.

5.2. Қосымша құнға салынатын салық сомасы мынадай формуламен есептеп шығарылады:

а) кеден ақы мен акциз салығы салынатын тауарлар бойынша:

$$H_c - (C + T_c + П + A_c) * H/100$$

б) кеден ақы салынуға тиісті, бірақ акциз салығы салынбайтын тауарлар бойынша:

$$H_c - (C + T_c + п) * H/100$$

в) Кеден ақы да, акциз салығы да салынбайтын тауарлар бойынша:

$$H_c - (C + T_c) * H/100, \text{ ондағы:}$$

H_c - ҚҚС мөлшері;

C - кеден құны;

$П$ - кеден сомасының түсімі;

T_c - кеден тәртібінің жиынтығы;

A_c - акциз сомасы;

H - қосымша құн салығының ставкасы;

5.3. Жеке адамның қалауы бойынша айналымға салынатын мөлшер кедендік толтыру, сырттан тауар әкелгенде төленуге тиісті импорттық кеден ақы мен акциз үшін есептеп шығарылған эквивалентті сомадан белгіленеді. Ондайда ҚҚС сомасы сырттан әкелінетіндер сомасы есептелген түсім, ақы 1,2 коэффициентке арналған салық сомасы көбейту әдісімен белгіленеді.

Мәселен, сырттан әкелгенде жеке адамға кеден ақыға 1200, кедендік толтыру үшін түсімге 105 теңге, акцизге (акцизге жататын тауарларға) 3500 теңге, барлығы 4805 теңге төлеу керек болды делік. Мұндайда ҚҚС 5766 теңге ($4805 * 1,2$) болады.

6. Кедендік жүк декларациясын толтыру тәртібі

6.1. Төлеуге тиісті акциз сомасы кедендік жүк декларациясында (КЖД) және оған берілген қосымша парақта:

- егер тауарға процент ставкасы бойынша акциз салығы салынса, тауардың кедендік құны көрсетілген валютамен;

- тауардың бір өлшем салмағы көрсетілген таза көлемінен ЭКЮ-дің ставкасы бойынша акциз салынуға тиісті тауарларды толықтырғанда ЭКЮ мен есептеп шығарылады.

Ескерту: Бұл жерде "Есептеудің нақтылығы" графасында нақты төленген сома мен төлем төленген валюта аты туралы мәлімет көрсетілген.

47-ші графаның бірінші бағанасындағы "Түр" дегенде төлем коды көрсетілген: акцизді теңгемен есептегенде - "30", Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі белгілеген бағамен акцизді шет ел валютасымен төлегенде - "31".

Графаның "47-графаны есептеп шығарудың негізі" деген екінші бағанасы толтырылмайды. Бұл жерде акция сомасын есептеп шығарудың негізі:

- құн процентінің ставкасы бойынша акциз салынатын тауарлар бойынша - 45 графада көрсетілген тауардың кедендік құны;

- тауардың өлшемінен ЭКЮ-дің өзгеше ставкасы бойынша акциз салынатын тауарлар бойынша - 38 графада көрсетілген тауардың таза салмағы;

- көрсетілген нақты көлемге сай ЭКЮ-дің ставкасы бойынша 31 графаның оң жақтағы бөлімшесінде көрсетілген тауардың саны болып табылады.

"47-графаның ставкасы" графасының үшінші бағанасында акциз ставкасының белгіленген мөлшері көрсетілген.

"47-графаның сомасы" графасының төртінші бағанасында акциз ставкасының белгіленген мөлшері көрсетілген.

"47-графаның ТТ" (төлем тәсілдері) графасының бесінші бағанасында: - "бн"- қолма-қол ақшасыз банк арқылы есеп ажырасу; "кт" - қолма-қол ақшамен салық сомасын төлеу; "ун" - салықты шартты түрде есептеу көрсетілген.

6.1. Таңбаланған тауарларға КЖД мен оған қосымша парақтарды толтырғанда осы Нұсқаудың 6.2. тармағында көрсетілген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

6.2. ҚҚС тауардың кедендік құны көрсетілген валюта бойынша есептеп шығарылады.

Ескерту: Ондайда "Есептеудің нақтылығы" графасында нақты төленген сома мен төлем төленген валютаның аты, яки салықты кейінге қалдыру туралы мәліметтер көрсетілген.

"Түр" графасының бірінші бағанасында төлем коды көрсетілген: - ҚҚС-ты теңгемен есептегенде - "32", ҚҚ-ын Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісі белгілеген бағамен шет ел валютасымен есептегенде - "33".

"Есептеп шығарудың негізінің" екінші бағанасы толтырылмайды.

"Ставка" графасының үшінші бағанасында қосымша құнға салынатын салықтың белгіленген мөлшері көрсетілген.

ҚҚС сомасын есептеп шығарудың негізі кедендік толтыру үшін кедендік сомасы осы декларацияға сәйкес импорттық кедендік ақы мен акциз сомасына қосылатын, 45 графада көрсетілген, тауардың кедендік құны болып табылады.

Осы Нұсқаудың 4.3. тармағына сәйкес жеке адамның төлеуіне тиісті ҚҚС анықтағанда ҚҚС есептеп шығарудың негізі кедендік толтыру, импорттық кеден ақы мен акциз үшін есептеп шығарылған түсім сомасы болып табылады. Бұл жағдайда "Ставка" графасының үшінші бағанасында 1,2 коэффициенті көрсетілген.

"ТТ" "төлем тәсілдері" графасының бесінші бағанасында:

"бн" - қолма-қол ақшасыз банк арқылы есеп ажырасу;

"кт" - қолма-қол ақшамен салық сомасын төлеу;

"оп" - салық төлеуді кейінге қалдыру;

"ун" - салықты шартты түрде есептеу көрсетілген.

7. Төлеу тәртібі мен мерзімдері

7.1. ҚҚС мен акцизді төлегенін растау үшін толтырылған кедендік жүк декларациясына төлегені туралы банктің белгі соққан төлем құжатының данасы және ұйымның бірінші басшысының, оның бас бухгалтерінің қолымен расталып, ұйымның банк және қаржы құжаттарына қоятын мөрі басылған жеке шотының банк көшірмесі тіркелуге тиіс. Таңбалануға тиісті, акцизге жататын тауарларды әкелгенде кеден орталығының депозит шотына ақша қаржысы нақты түскен жағдайда ғана тауарларды толтыруға болады.

7.2. ҚҚС және акциздің сомасы кеден органының депозит шотына түсіріледі. Кеден органы депозит түсуін банк көшірмесі бойынша бақылайды. Төлем тапсырысын банктің орындауға алған күнінен он төрт календарлық күнге дейін қаржы депозит шотына түспесе, бұл салықтарды өндіріп алу үшін оны салық қызметі органына береді. Салық қызметі органы өндірген төлем сомасы Кеден комитетінің депозит шотына түсіріледі.

7.3. Қазақстан Республикасының заңында белгіленген, айдың 1 күнінен 5-ін қоса алғанда әкелінген тауар мөлшерінің ҚҚС мен акцизден түскен сомасы 8-ші күні бюджетке аударылады; 6-нан 10-на дейін түскені 13-інде; 11-нен 15-не дейін түскені 18-інде; 16-нан 20-на дейін түскені 23-інде; 21-нен 25-не дейін түскені 28-інде есеп беретін әр айдың соңғы күнінде; 29-нан 31-не дейін түскені есеп беретін айдың 3 күнінде 1 бөлім, 2 параграф, 010 символға (қосымша құн салығы бойынша), 3 бөлім, 16 параграф, 003 символға (акция бойынша) аударылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке түсетін басқа

да міндетті төлемдер туралы" 24.04.95 ж. N 2235 Жарлығының 70 және 152-баптарындағы белгіленген жағдайға байланысты ҚҚС төлеуді кейінге қалдыруы салық инспекциясының бастығы шешеді.

ҚҚС төлеу жөніндегі кейінге қалдырылған төлемді өндіріп алуды бақылау ісі салық қызметі органына жүктеледі.

8. Бұрын төлеген ҚҚС мен акцизді қайтарып беру тәртібі

ҚҚС мен акцизден төленген немесе өндіріп алған соманы төлем төлеушінің бұл сомаларды төлеген немесе өндіріп алынған сәтінен кеден органына бір жылдан кешіктірмей берген жазбаша арызы бойынша:

егер кеден тәртібі шарттары бойынша бұрын төленген ҚҚС мен акциз сомасын қайтару көрсетілген болса, кедендік құнға өзгерістер енгізілуіне байланысты ҚҚС мен акциз сомасы қайта құрылған жағдайда қайтарылады.

Салық органдарында бұрын төленген ҚҚС мен акциз сомасын кеден органдарының растауымен салық органдары қайтарады.

ҚҚС мен акциздерді қайтару үшін кеден органдарына мынадай құжаттар тапсырылады:

ҚҚС мен акцизді төлегені немесе өндіріп алғаны туралы төлеушінің өтініші;
төлемнің есептеп шығарылғанына және өндіріп алынғанына сәйкес кеден органы толтырып, жасаған кедендік жүк декларациясы;

төлемнің төленгенін растайтын, төлемнің алынғаны туралы банк белгі соққан ҚҚС мен акциздің төлеуге тиесілі сомасының төлем тапсырысы;

шекараны шын мәнінде кесіп өткені туралы шекара кедені белгі соққан тауарды алып жүру құжаттары;

артық төленген соманы немесе салық пен акцизді дұрыс есептеп шығармаудан болған соманы қайтару үшін төленген немесе өндіріп алынған соманың артық немесе дұрыс есептелмегенін растайтын қажетті қосымша құжаттар.

9. Кедендік әртүрлі тәртіпке байланысты қосымша құн мен акциздерге салық салуды қолданудың Ерекшеліктері

Еркін айналымға шығару

Осы Нұсқаудың 3.1. және 3.2. тармақтарында көрсетілген жағдайлардан басқа еркін айналымға (импорт) шығару үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарларға Қазақстан Республикасының заңы мен осы Нұсқауда белгіленген тәртіппен ҚҚС және акциз салынады. Еркін айналымға шығару тәртібі орнына кеден тәртібінің басқа өзгерістері қолданылса, онда салық

салудың кеден тәртібі өзгерістерінің күшіне кіргеннен күнгі механизмі қолданылады.

Тауарларды сырттан қайта әкелу (реимпорт)

Үш жыл бойы әкелінген сәттен әкетілген кезге дейін сол күйінде болған, бұрын Қазақстан Республикасы аумағынан сыртқа шығарылған, табиғи тозу салдарынан өзгеріске ұшыраған немесе қалыпты жағдайда тасымалдағанның өзінде азайған және басқа да жағдайларға тап болған, Кеден комитеті анықтаған Қазақстан тауарларын сырттан қайта әкелгенде одан ҚҚС мен акциз алынбайды.

Тауарларды мемлекеттер шегінен - ТМД мүшелерінің реимпорттағанда, тауарды әкету кезінде берілетін басқа да жеңілдіктерден төлем түрінде түскен соманы тауардың орнын ауыстырушы адам қайтарып береді.

Бұл сомадан басқа, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі белгілеген қайта қаржыландыру ресми процент ставкасы бойынша олардан процент өндіріледі.

Өтетін тауарлар

Өтетін тауарлардан қосымша құн мен акция салығы алынбайды. Акцизге жататын тауарларды алып өткенде төлемді қамтамасыз ету үшін депозит шотқа өткізілген ҚҚС мен акциз Кеден комитетінің нормативті құжаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан тауарды анық алып өткен жағдайда қайтарылып береді. Егер тауар құрылмаған, апат немесе жойқын күштің әсерінен із-тозсыз жоғалмаған, яки табиғи тозудан жетпей қалмаған, яки қалыпты жағдайда тасымалдаған және сақтағанның өзінде азайған, яки тиісті құжаттар тапсыру кезінде шет мемлекеттердің органдары немесе лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының заңына заңсыз әрекет етуі салдарынан тауарлар иеліктен шығып қалған болса, баратын кеден органына жеткізілмеген жағдайда төленген ҚҚС мен акциз еркін айналымға шығарылғандағыдай республика бюджетіне аударылады.

Тауарды алып өтуге тасымалдаушы жауап береді.

Кеден қоймалары

Кеден қоймасына импорттық тауарларды орналастырғанда қосымша құн және акциз салығы алынбайды. Кеден заңында белгіленген тәртіп бойынша қоймадан тауарлар еркін айналымға шығарылғанда ҚҚС мен акциз алынады, ал кеден тәртібінің басқа жағдайында - сол тәртіпке сәйкес салынады.

Кеден қоймасы арқылы айналымға түсетін тауарларға қатысты ҚҚС және акциздерді төлеу жауапкершілігі кеден қоймасының иесіне жүктеледі. Кеден комитетінің келісімі бойынша ҚҚС мен акциз төлеу жөніндегі жауапкершілік кеден қоймасына тауар сақтауға қойған адамға жүктелуі мүмкін. Кеден қоймасы Қазақстан Республикасының кеден органдарының қарамағында болған жағдайда, қосымша құн мен акциз салығын төлеу жөніндегі жауапкершілік тауарын кеден қоймасына сақтауға қойған адамға жүктеледі.

Ақысыз сауда магазиндері

Ақысыз сауда магазиндеріне қосымша құн мен акциз салығы алынбайды. ҚҚС мен акциз салығы жөніндегі жауапкершілік ақысыз сауда магазинінің иесіне жүктеледі.

Кеден аумағындағы тауарларды қайта өңдеу

Кеден аумағында қайта өңдеуге жататын тауарларды мемлекеттер шегінен - ТМД-ға мүше елдерден әкелгенде ҚҚС мен акциз еркін айналымға шығарылатын кездегі секілді салық заңында көрсетілген тәртіппен алынады. Егер қайта өңделген өнім Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін күннен екі жылға кешіктірілмей сыртқа шығарылса, кеден заңы ережелері шарттарын сақтай отырып, ҚҚС мен акцизге төленген төлем өңделетін өнім шығарылғанда кеден органының депозит шотына қайтарылады. ҚҚС мен акцизге төленген соманы қайтаруға кеден органына тапсырылған:

- төлеушінің ақша қаржысы қайта қайтарылуы, оның банк реквизиті көрсетілгені туралы тілегі бар жазбаша өтініші;

ҚҚС мен акциз есептеліп, алынған өңделуге тиісті тауарды мемлекеттер шегінен - ТМД-ға мүше елдерден әкелгенде толтырылған кедендік жүк декларациясы;

- орындалғаны жөнінде банк өкімінің белгісі бар, ҚҚС пен акцизді төлегенін растайтын төлем құжаттарының данасы және ұйымның төлегенін растайтын оның банктегі шотының көшірмесі;

- республиканың кеден аумағында өңдеуге болатын тауарға рұқсат негіз бола алады.

Егер өңдеу жөніндегі қызмет төлемі өңделуге әкелінген тауардың

бөлігіне жүргізілсе, онда ол тауар еркін айналым үшін шығарылған тәртіпке қатысты ҚҚС мен акциз салуға жатады. Егер қызмет төлемі өтем тауарларына

жүргізілсе, өңдеуге әкелінген бұл өтем тауарларының сол бөлігінде ғана қосымша құн мен акциз салығы салынады. Яғни қайта өңдеуге әкелінгенде төленген ҚҚС мен акция сомасы ол қайта әкелгенде, ҚҚС мен акциз сомасын қоспағанда, қайта өңдеу жөніндегі қызметке арналған көлемнен есептеп қайтарылады.

Кеден бақылауымен тауарды қайта өңдеу

Тауар кеден бақылауымен қайта өңдеуге әкелінгенде одан ҚҚС мен акциз алынбайды.

Уақытша әкелу мен уақытша әкету

Уақытша әкелінгенде және қайта әкетілгенде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті белгілегендерден басқа жағдайда ҚҚС мен акциз алынбайды.

Кеденнің еркін аймағы мен еркін қоймасы

Шет ел және Қазақстан тауарларын кеденнің еркін аймақ аумағына әкелген немесе еркін қоймаға орналастырған жағдайда ҚҚС мен акциз алынбайды.

Кеденнің еркін аймағына және еркін қоймасы аумағына тауарларды әкелгенде Қазақстан Республикасының кеден аумағының қалған бөлігінде ҚҚС мен акциз салынады.

Егер босату немесе қайтару нақты экспорт тауарларына қатысты көрсетілмесе, кеденнің сыртқа шығару тәртібіне сәйкес Қазақстан Республикасы шегінен сыртқа әкетуге арналған Қазақстан тауарларын әкелгенде немесе еркін қоймаларға орналастырғанда онда ҚҚС мен акцизден құтқарылады, яки олар қайтарылады. Ондай тауарлар ҚҚС мен акциз қайтарып берілген яки одан құтқарылған күннен алты ай кешіктірілмей сыртқа шығарылуға тиіс. Қазақстан Республикасының шегінен, кеденнің еркін аймағы аумағынан және еркін қоймасынан сыртқа шығаруға жататын тауарларды қайтарғанда Қазақстан Республикасының кеден аумағының қалған бөлігіне, яки белгіленген мерзім ішінде сыртқа шығарылмаған жағдайда, жалпы тәртіп бойынша, салық органдарына ҚҚС және акциз төленеді, сондай-ақ олардан Қазақстан Республикасы Ұлттық банк белгілеген қайта қаржыландырудың ресми

проценттік ставкасы бойынша процент алынады.

Кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу

Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарларды қайта өңдеуге шығарғанда салық органдарына төленген ҚҚС мен акциз қайтарылмайды.

Егер өнімді кеден аумағынан тыс қайта өңдеуге рұқсат алған адам, яки оның кеден брокері бұл өнімдердің еркін айналымға шығарылатынын көрсеткен болса, өнімдерді қайта өңдеуге әкелгенде одан ҚҚС мен акциз алынбайды.

Тауарларды сыртқа шығару

Жасаушы кәсіпорын тікелей сыртқа шығаратын тауарлар осы Нұсқауда көрсетілгеннен басқа жағдайларда ҚҚС мен акцизден құтқарылады. Одан құтқару Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

Тауарларды қайта сыртқа әкету (реэкспорт)

Қайта сыртқа тікелей және мүлде әкетуге арналған шет ел тауарлары Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінгенде, одан ҚҚС мен акциз алынбайды. Ондай тауарларды шын мәнінде қайта сыртқа шығару кеден декларациясы қабылданған күннен алты ай кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

Егер тауар әкелінгенде қайта сыртқа шығаруға арналғандығы тікелей хабарланбаса, яки сол қалпында хабарланып, бірақ алты ай ішінде әкетілмесе, онда одан кеден немесе салық органдарына ҚҚС мен акциз Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми проценттік ставкасы бойынша процент төленеді.

Егер:

- табиғи тозу салықтарынан өзгеруден немесе қалыпты жағдайда

тасымалдау мен сақтаудан азайғаннан басқа сыртқа қайта шығарылатын тауар әкелінген сәттегі күйінде болса;

- тауар әкелінген сәттен екі жыл ішінде сыртқа қайта шығарылатын болса;

- сыртқа қайта шығарылатын тауар табыс алу мақсатында пайдаланылмаса, тауарды сыртқа қайта шығарғанда ҚҚС мен акцизге төленген соманы кеден

немесе салық органдары қайтарып береді.

Тауарларды жою. Мемлекет пайдасына бола
тауардан бас тарту

Тауарды жойған немесе мемлекет пайдасына бола тауардан бас тартқанда қосымша құн және акция салығы алынбайды.

Оқыған:

Багарова Ж.А.